

2025 жылғы қаңтар-қарашада құрылыс жұмыстарының орындалуы және объектілерді пайдалануға беру туралы

Жариялау күні: 18.12.2025

Келесі жариялау күні: 16.01.2026

1. Түйінді тұстары
2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі
3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру
4. Глоссарий
5. Әдіснамалық түсініктемелер
6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
7. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстары

2025 жылғы қаңтар-қарашада орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 14,7% өсіп, 8141,5 млрд. теңгені құрады.

Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінен жеке құрылыс ұйымдарымен 93,1%, шетелдік – 6,2%, мемлекеттік –0,7% орындалды.


2. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

2025 жылғы қаңтар-қарашада құрылыс жұмыстары көлемінің 2024 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда ұлғаюы имараттар (18,3%), тұрғын емес ғимараттар (11,9%) мен тұрғын ғимараттар (6,5%) құрылысы жұмыстары және жөндеу жұмыстарына байланысты.

2025 жылғы қаңтар-қарашада орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) түрлері бойынша ең көп үлесті автомобиль, теміржолдары мен метролар (24,9%), тұрғын емес ғимараттар (жалпы көлемге 22%) және тұрғын үйлердің (12,3%) құрылысы алады.

Құрылыс жұмыстары көлемінің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Айлар бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

Аумақтық бөлінісінде республиканың он тоғыз өңірінде құрылыс жұмыстары көлемінің ұлғаюы байқалады. Едәуір өсу Алматы (38,3%) және Астана қалаларында (32,2%), Солтүстік Қазақстан (31,4%), Қызылорда (28,1%), Түркістан (27,8%), Қостанай (25,9%), Павлодар (21,4%), Жамбыл (20,4%) және Алматы облыстарында (20,2%) байқалады.

Орындалған құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі

	Барлығы, мың теңге	2025 жылғы қараша, пайызбен		2025 жылғы қаңтар-қараша / 2024 жылғы қаңтар-қарашаға, пайызбен	Республикалық көлемге пайызбен
		2025 жылғы қазанға	2024 жылғы қарашаға		
Қазақстан Республикасы	8 141 548 676	106,7	112,3	114,7	100,0
Абай	269 276 602	132,4	147,7	102,5	3,3
Ақмола	319 887 838	106,4	94,1	118,0	3,9
Ақтөбе	363 825 467	102,2	123,9	117,7	4,5
Алматы	380 765 325	105,2	115,6	120,2	4,7
Атырау	521 429 128	125,2	98,3	73,8	6,4

Батыс Қазақстан	290 844 284	90,8	102,0	108,3	3,6
Жамбыл	297 947 872	163,1	139,4	120,4	3,7
Жетісу	301 811 300	93,6	73,9	107,8	3,7
Қарағанды	590 545 916	90,3	96,7	100,2	7,3
Қостанай	327 040 716	96,9	114,4	125,9	4,0
Қызылорда	296 366 414	213,4	195,3	128,1	3,6
Маңғыстау	309 620 530	121,5	117,0	107,7	3,8
Павлодар	398 776 845	134,1	111,6	121,4	4,9
Солтүстік Қазақстан	219 076 291	100,7	144,9	131,4	2,7
Түркістан	493 162 105	110,0	120,2	127,8	6,1
Ұлытау	125 221 513	62,8	131,3	110,8	1,5
Шығыс Қазақстан	379 289 003	107,2	101,2	111,5	4,7
Астана қаласы	1 184 535 458	78,6	84,1	132,2	14,5
Алматы қаласы	809 043 165	139,9	161,4	138,3	9,9
Шымкент қаласы	263 082 904	54,7	82,4	103,7	3,2

Электрондық кестелер:

[Құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі көрсеткіштері, соның ішінде объектілердің түрлері және жұмыстардың түрлері бойынша](#)

[Кәсіпорындардың мөлшерлігі бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)


[Технологиялық құрылымы бойынша орындалған құрылыс жұмыстарының \(қызметтерінің\) көлемі](#)

3. Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру

Қазақстан Республикасында 2025 жылғы қаңтар-қарашада пайдалануға берілген жаңа объектілердің жалпы алаңы 22657,7 мың шаршы метрді құрады.

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Динамикалық кестелер:

[Тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2024 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 3,9% көбейді, 16949 мың шаршы метрді құрады, олардан 10948,2 мың шаршы метр - көп пәтерлі және 5863 мың шаршы метр - жеке үйлер. Тұрғын үйлердің едәуір бөлігін – 15520,9 мың шаршы метрді немесе 92%-ын жеке құрылыс салушылар, оның ішінде, 6318,9 мың шаршы метрді халық пайдалануға берген.


Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы

	Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттар		Соның ішінде салушылармен				
	жалпы алаңы шаршы метрмен	2024 жылғы қаңтар-қарашаға пайызбен	мемлекеттік меншік	жекеше меншік	олардан		шетел меншігі
					халықпен	2024 жылғы қаңтар-қарашаға пайызбен	
Қазақстан Республикасы	16 949 005	103,9	1 124 265	15 520 859	6 318 868	99,9	303 881
Абай	203 235	66,2	11 119	192 116	99 027	109,0	-

Ақмола	561 367	100,1	4 385	545 463	258 253	98,8	11 519
Ақтөбе	920 087	103,8	96 544	823 543	526 202	102,5	-
Алматы	1 027 648	114,0	37 436	854 337	673 062	116,2	135 875
Атырау	598 277	95,1	20 556	577 721	407 640	93,0	-
Батыс Қазақстан	551 881	101,2	50 308	495 739	310 433	100,5	x
Жамбыл	642 622	101,1	45 087	597 535	538 159	106,5	-
Жетісу	338 601	119,4	47 679	290 922	190 048	124,0	-
Қарағанды	506 985	114,6	9 366	497 619	83 822	119,6	-
Қостанай	478 899	107,6	63 744	415 155	95 376	73,7	-
Қызылорда	914 930	112,9	35 118	879 812	814 406	114,2	-
Маңғыстау	617 726	78,1	8 236	598 830	353 419	116,6	10 660
Павлодар	394 882	107,6	41 844	353 038	190 776	125,4	-
Солтүстік Қазақстан	256 055	101,4	41 985	213 316	148 251	113,9	x
Түркістан	1 092 408	105,5	193 155	899 253	742 724	82,1	-
Ұлытау	87 136	109,8	23 540	63 596	48 597	79,4	-
Шығыс Қазақстан	286 621	105,3	53 488	214 618	102 964	90,5	x
Астана қаласы	3 967 752	108,7	221 255	3 731 165	61 781	153,5	15 332
Алматы қаласы	2 362 427	102,9	27 986	2 233 960	318 525	84,6	100 481
Шымкент қаласы	1 139 466	101,0	91 434	1 043 121	355 403	73,6	4 911

2025 жылғы қаңтар-қарашада білім беру және денсаулық сақтау саласында 195529 оқу орнына арналған 202 жалпы білім беретін мектеп, 7264 орынға арналған 46 мектепке дейінгі ұйымдар, 644 орынға арналған 2 аурухана және ауысымда 4349 келіп-кетушіге арналған 111 амбулаториялық-емханалық мекеме пайдалануға берілді.

Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді пайдалануға беру



Электрондық кестелер:

[Пайдалануға берілген объектілердің негізгі сипаттамалары](#)

[Пайдалануға берілген объектілер құрылысының нақты құны](#)

[Тұрғын ғимараттарды пайдалануға беру туралы \(пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы және пайдалы алаңы\)](#)

[Жеке және көп пәтерлі тұрғын үйлерді пайдалануға беру](#)

[Тұрғын үйдің жалпы алаңы 1 шаршы метр құрылыстың орташа нақты шығындары](#)

[Халықтың 1000 адамына шаққандағы тұрғын үйлердің жалпы алаңын пайдалануға беру](#)

[Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру](#)

4. Глоссарий

Құрылыс-монтаж жұмыстары - ғимараттар мен имараттарды тұрғызу, кеңейту, реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтандыру бойынша құрылыс жұмыстары; энергетикалық, технологиялық және басқа да жабдықтарды монтаждау жұмыстары.

Объектінің құрылысы - объектінің тәуелсіз бағалауды құрайтын барлық байланысты жабдықтар, құралдар, аспаптар, галереялар, жол өтпелерін, ішкі инженерлік желілер мен коммуникациялар жеке ғимарат немесе құрылымы, құрылыс (қайта жаңарту, кеңейту).

5. Методологиялық түсініктемелер

Құрылыс ұйымдарына жөндеу-құрылыс ұйымдарын қоса алғандағы, жалпы құрылыстық және мамандандырылған барлық ұйымдар жатады. Құрылыс ұйымдарының негізгі қызметі тапсырыс берушімен мердігерлік шарт бойынша мемлекеттік «Экономикалық

қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ)» сәйкес қызмет түрі «Құрылыс» қызметіне жататын жұмыстарды орындаудан тұрады.

Құрылыс жұмыстарының көлеміне жаңа объектілердің құрылысы, күрделі және ағымдағы жөндеу, қайта құру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жаңғырту, инженерлік имараттар жұмыстары кіретін жасалған мердігерлік құрылыс шарттары бойынша құрылыс қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар орындаған жұмыстарының құны кіреді.

Құрылыс жұмыстар (қызметтер) көлемінің нақты көлем индексі шын мәніндегі бағада дефлятор есебімен (баға индексі) талданған кезеңнің орындалған құрылыс жұмыстар көлемінің өткен кезеңге арақатынасымен анықталады.

Тұрғын үйдің (тұрғын ғимараттың) жалпы алаңы барлық тұрғын үйлердің жалпы алаңының және барлық тұрғын емес үй-жайлардың алаңының, сонымен қатар жалпы мүлік болатын тұрғын үй бөлігінің алаңының қосындысы болып есептеледі.

Методологиялық түсініктемелердің анығырақ ақпараты келесі сілтемелер бойынша қолжетімді:

[Құрылыс статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме](#)

[«Құрылыс» саласы бойынша өнімнің жалпы шығарылымын анықтау бойынша әдістеме](#)

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі» статистикалық жинағы](#)

7. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық нысан «Орындалған құрылыс жұмыстары \(көрсетілетін қызметтер\) туралы есеп» \(1-ҚС айлық\):](#)

[Статистикалық нысан «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» \(2-ҚС, айлық\):](#)

[Статистикалық нысан «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп» \(1-ИС, айлық\):](#)

[«Талдау»/Құрылыс және инвестициялар ақпараттық-аналитикалық жүйе](#)

[Сапа бойынша есеп](#)

Шығаруға жауапты: Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	Департамент директоры: А.Исабекова Тел. +7 7172 749056	Орындаушы: О.Эдель Тел. +7 7172 749313 E-mail: o.edel@aspire.gov.kz	Мекен-жай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	---	--